Мемлекеттік грант беру туралы
«10» сәуір 2023 жыл №62
келісімшарттың
№8 Қосымшасы

**Әлеуметтік жобаны іске асыру нәтижелері бойынша қорытынды есеп**

1. **Үкіметтік емес ұйымның толық атауы:** «Болашақ Қазақстанға» қоғамдық студенттік бірлестігі
2. **Үкіметтік емес ұйым басшысының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса):** Шербаева Бибинур Байжигит Қизи
3. **Заңды мекен-жайы, Байланыс телефоны:** Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл қаласы, Тоқсан би 39, 87471293969
4. **Грантты іске асыру шеңберіндегі әлеуметтік жобаның, әлеуметтік бағдарламаның атауы (бағыт):** Мемлекеттік тілде заманауи зияткерлік командалық ойындарды дамыту
5. **Әлеуметтік жобаны және/немесе әлеуметтік бағдарламаны іске асыру кезеңінің басталу және аяқталу күні:** 10.04.2023 – 2025 жж.
6. **Грантты іске асыруға бөлінген қаражаттың жалпы сомасы:** 50 000 000 теңге

**1. Әлеуметтік жоба шеңберіндегі іс-шараларды сипаттаңыз:**
*(Гранттық шарттың №3 қосымшасына (жобаның жан жақтық сипаттамасы) сәйкес жоспарланған индикаторларға қол жеткізу деңгейін, қатысушылардың күнін, орнын, санын көрсете отырып, әлеуметтік жобаны іске асыру шеңберінде жүргізілген барлық іс-шараларды егжей-тегжейлі сипаттау және талдау қажет.)*

**Жобаның мақсаты:** Мемлекеттік тілді кеңінен дәріптеу, тілге деген қызығушылықты ояту, логикалық ойлауды дамытатын білімді жастар үшін бос уақыттың өзекті форматын қалыптастыру мақсатында басқа ұлт өкілдері мен қазақ жастарының арасында қызықты интеллектуалдық, шығармашылық сайыстар өткізу және ел азаматтарының лингвистикалық капиталын арттыру.
**Жобаның міндеттері:**
1. «Тіл-тағдыры» атты қазақ тілін кеңінен дәріптеуге және жоба аясында өткізілетін іс-шаралар жайында ақпараттарды кеңінен таратуға арналған «сайт» ашу.
2. Мемлекеттік тілдің қолдану аясын арттыруға бағытталған «Aqyl Battle Cup» КТК зияткерлік ойыны арқылы көңілді тапқырлар командаларын санын арттыру.
3. Мемлекеттік тілдің этносаралық қатынас тілі ретіндегі рөлін күшейтуге бағытталған Қазақстандағы өзге этнос өкілдерінің 14-35 жас аралығындағы жастар арасында «Елім дегендер...» атты шығармашылық байқауын ұйымдастыру.

Мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту, қазақ тілінің этнос аралық тіл ретінде рөлін арттыру және жастар арасында ана тілімізді ғылымның тілі, техниканың тілі ретінде дәріптеуді мақсат еткен «Тіл тағдыры – ел тағдыры» жобасы бір жылдық жұмысын аяқтай келе, көздеген мақсатқа жетті деп есептеміз. Себебі, мемлекеттік тілде өткен «Aqyl Battle CUP» КТК зияткерлік сайысының бірінші кезеңінде 1500-ге жуық жастар және этнос өкілдері жастары арасындағы «Елім дегендер» шығармашылық байқауына 200-ден астам үміткер қатысуға өтінім білдіріп қызығушылық танытқан. Бұл қазіргі уақытта қоғамдағы қазақ тілді жастарға арналған креативті жобалардың қажеттілігінің көрсеткіші, яғни қазір жастардың басым бөлігі қазақ тілді және олар қоғамда белсенді тұлғалар.

Жоба барысында 14-35 жас аралығындағы жастар арасында «Мемлекеттік тілде заманауи зияткерлік командалық ойындарды дамыту» көзделген, сонымен қатар қазақ тілді жастардың әлеуетін көтеру, жастар арасында мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту және этнос аралық қатынас тілі ретін дәріптеу мақсатында бір қатар шаралар жүзеге асырылды.

**Бірінші міндет: 1 міндет. «Тіл-тағдыры» атты қазақ тілін кеңінен дәріптеуге және жоба аясында өткізілетін іс-шаралар жайында ақпараттарды кеңінен таратуға арналған «сайт» жұмысын жалғастыру**

**1-іс-шара:** «Тіл тағдыры» сайтының «Галерея» бөлімінде «Aqyl Battle Cup» республикалық зияткерлік сайысы деп аталатын тетік орналасқан, оның екіге бөлінеді «фото» және «видео», яғни барлық сайт қолданушыларына түсінікті әрі жүкеп алуына ыңғайлы медиа метариалдар жүктелген. Жобаның бастапқы нақты жоспарына сәйкес зияткерлік сайыс аясында **50** аса видео материал және **950** аса бейне мариалдар жүктелген.

**2-іс-шара:** «Елім дегендер» шығармашылық байқауының аясындарғы барлық бейне материалдар сайт қолданышуларына және байқау қатысушыларына қолжетімді ету мақсатында «Тіл тағдыры» сайтының «Галерея» бөлімінде, «Елім дегендер» тетікшесінде орналастырылған. Жобаның бастапқы нақты жоспарына сәйкес байқау аясында **50** аса видео материал және **900** аса бейне мариалдар жүктелген.

**Екінші міндет:** Мемлекеттік тілдің қолдану аясын арттыруға бағытталған «Aqyl Battle Cup» зияткерлік ойыны арқылы көңілді тапқырлар командаларын «КТК» санын арттыру

**1-іс-шара:** Сайысты көпшілік қауымға кеңінен таныстыру мақсатында Instagram әлеуметтік желісінде «Креативті команда» видеороликтер байқауын өткізу. «Тіл тағдыры – ел тағдыры» әлеуметтік жобасы аясында өткен «Aqyl Battle Cup» зияткерлік сайысының танымалдылығын арттыру үшін Instagram әлеуметтік желісінде «Креативті команда» сайысы ұйымдастырылды. Бұл сайыста финалист командалар өз өңірін және топ мүшелерін таныстыратын креативті **100** видеолар дайындап, оларды @aqylbattle_cup парақшасында жариялады. Жеңімпаздар ең көп қаралым мен лүпіл жинаған командалар арасынан анықталды. Сайыс нәтижесінде:
- 1-орын: Абай облысынан «Саржал» командасы, 300 000 теңге сыйақы;
- 2-орын: Ұлытау облысынан «Ұлытау» командасы, 200 000 теңге сыйақы;
-3-орын: Алматы қаласынан «Алаш» командасы, 100 000 теңге сыйақы.

Жалпы жүлде қоры **600 000** теңгені құрады. Бұл сайыс қатысушылардың қызығушылығын арттырып қана қоймай, олардың зияткерлік жарысқа деген ынтасын одан әрі күшейтті. Сайыстың ерекше тұсы — көптеген қатысушылар алғаш рет бірге жұмыс істеп, бір-бірімен танысып, команда ретінде үйлесімділік тапты. Сонымен қатар, «Креативті команда» сайысы арқылы @aqylbattle_cup парақшасы **300** мыңнан астам қаралым жинап, жобаның әлеуметтік желідегі танымалдығының артуына ықпал етті. Осылайша, сайыс мақсатқа жетіп, жастардың қызығушылығын арттыратын тағы бір қадам болды.

**2-іс-шара:** «Aqyl Battle Cup» 14-35 жас аралығындағы жастарға арналған республикалық көңілді тапқырлар командаларының (КТК) арасында зияткерлік сайысының 1 кезеңдерін өткізу. Мемлекеттік тілдің қолдану аясын арттыруға бағытталған «Aqyl Battle Cup» КТК зияткерлік

ойыны арқылы көңілді тапқырлар командаларын санын арттыру мақсатында республика көлемінде ауқымды зияткерлік сайыс өтті. Ағымдағы жылы  Сайыс кезеңдері **20-22 мамырда** сайыстың алғашқы кезеңі онлайн форматта «Aqyl Battle» мобильді қосымшасында өтіп, оған **1500-ден** астам жас, **407 астам команда** қатысты. Нәтижесінде **135** команда келесі кезеңге іріктелді.
**3-іс-шара:** «Aqyl Battle Cup» 14-35 жас аралығындағы жастарға арналған республикалық көңілді тапқырлар командаларының (КТК) арасында зияткерлік сайысының 2 кезеңдерін өткізу. **7-20 маусымда** өткен екінші кезеңде іріктеу турнирлері ТЖ орын алған аймақтарда онлайн Google Meet платформасында, ал қалған облыстарда квиз форматында ұйымдастырылып, **135** командадан **23** команда республикалық финалға жолдама алды.
**4-іс-шара:** «Aqyl Battle Cup» 14-35 жас аралығындағы жастарға арналған республикалық көңілді тапқырлар командаларының (КТК) арасында зияткерлік сайысының 3-кезеңін өткізу. Финалға қатысушылар - Гранд финалға еліміздің 20 аймағынан және республикалық маңызы бар қалалардан іріктелген **21** команда қатысады. Биылғы финалдың ерекшелігі – оның халықаралық деңгейде өтуі, өйткені Өзбекстан Республикасының ең танымал «Zakovat» зияткерлік ұйымынан «Зиялы жастар» командасы да қатысып, қазақ тілінде білімін сынады. Сайыста қатысушылар қонақ үй, таңғы және түскі ас, арнайы жиындықпен (блакнот, қалам, футболка, жилетка) қамтамасыз етілді. Сайыс кезіндегі ең әсерлі болған, ол қатысушылардың әртүрлі әлеуметтік топтағы жастар болуы. Басым бөлігі, мұғалім, балабақша тәрбиешілері, ЖОО оқытушылары, бала күтімінде отырған азаматтар, дәрігерлер, инженер, журналист, жеке кәсіпкер, мемлекеттік қызметкерлер, құқық қоғау органдары қызметкерлері, сарбаздар, өртсөндіруші, ҚТЖ, ҚасМыс сияқты ірі компаниялардық қызметкерлері, Мұнай саласының қызметкерлері, студенттер мен оқушылар, мүміншілігі шектеулі жастар  және NEET санатыса жататын жұмыссыз жастардан құралған. Жалпы жүлде қоры – **3 600 000** теңге.  «Aqyl Battle Cup» республикалық зияткерлік сайысының финалдық кезеңі – 27 қыркүйек Астана қаласында өтті. Оған барлық кезеңдердің жеңімпаздары, жалпы саны **63 қатысушы** қатысты (жолдама алғандарың саны 69 қатысушы, әртүрлі себептермен 6 қатысушы елордасына келе алмады) яғни **21 команда**. Финалдық кезең 2 бөлімнен тұрды, жартылай финал және гранд финал. Бірінші күні барлық қатысушы командалар арасында куиз форматында зияткерлік ойын өтті. Жартылай финалда қатысушылар 7 кезең бойынша 49 сұраққа жауап берді. Командалық есепте ең жоғары ұпай жинаған 4 команда гранд финалға жолдама алды. Гранд финал 3 кезеңнен: «Жүзден жүйрік» - екі жұп команда арасындағы іріктеу, «I-Sana» технологиялық өркениет тақырыбындағы сұрақтар – 2 және 3 орындар үшін талас, «Ақыл шыңында» - Бас жүлде үшін тартыс болды. Ең жоғарғы ұпай жинаған «Ертіс» командасы, Шығыс Қазақстан облысынан 1 200 000 тг жеңіп алды. «Mill on air», Қызылорда облысынан – 1 орын, 900 000 теңге сыйақы; «Тұран» командасы, Ақмола облысынан – 2 орын, 600 000 теңге сыйақы; «Жайық» командасы, Атырау облысынан – 3 орын, 300 000 теңге сыйақымен марапатталды. Жалпы жүлде қоры 3 000 000 теңгені құрады.

**Үшінші міндет: Мемлекеттік тілдің этносаралық қатынас тілі ретіндегі рөлін күшейтуге бағытталған Қазақстандағы өзге этнос өкілдерінің 14-35 жас аралығындағы жастар арасында «Елім дегендер...» атты шығармашылық байқауын ұйымдастыру.**

**1-іс-шара:** Байқаудың бастау алғаны, ережелері, жеңімпаздарға берілетін сыйлықтар жайында хабарландыруды мектептер мен жоғары және орталықтар мен Қазақстан халқы ассамлеясы арасында, БАҚ өкілдері, блогерлер және танымал тұлғалардың әлеуметтік желілері арқылы кеңінен тарату. «Елім дегендер» республикалық шығармашылық байқауы басталған кезде байқаудың ережелері, қатысу шарттары және жеңімпаздарға арналған сыйлықтар туралы хабарландыруды кеңінен тарату жұмыстары жүргізілді. Байқаудың басты мақсаты – өзге этнос өкілдері арасында мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейтіп, қазақ тілін этносаралық қатынас тілі ретінде насихаттау болды. Осы мақсатқа жету үшін байқау туралы ақпарат келесі арналар арқылы таратылды: 1. Мектептер мен оқу орталықтары: Әр аймақтағы мектептер мен оқу орталықтары арқылы байқау туралы ақпарат таратылды. Мұғалімдер мен тәрбиешілер оқушыларға байқаудың маңыздылығы мен қатысу

шарттарын түсіндіріп, олардың қатысуға деген қызығушылығын арттырды. 2.Жоғары оқу орындары: Университеттер мен колледждерде байқау туралы хабарландырулар ілініп, студенттерге қатысты ақпарат берілді. Бұл байқауға 14-35 жас аралығындағы өзге этнос өкілдері қатысқандықтан, жоғары оқу орындары үлкен аудиторияны қамтыды. 3.Қазақстан халқы ассамблеясы: Ассамблеяның қолдауымен этнос өкілдеріне арналған орталықтарда байқау туралы хабарландырулар таратылып, этностар арасындағы достық пен ынтымақтастықты арттыруға бағытталған жоба ретінде насихатталды. 4.БАҚ өкілдері: Теледидар, радио, газет-журналдар арқылы байқау жайлы хабарланып, кең аудиторияға жеткізілді. Мақсатты аудиторияға жету үшін жаңалықтарда, әлеуметтік бағдарламаларда және ақпараттық сайттарда байқау туралы мағлұматтар берілді. 5.Әлеуметтік желілер: Танымал блогерлер, медиа тұлғалар және қоғам белсенділері Instagram, Facebook және TikTok платформаларында байқау туралы жазбалар мен бейнероликтер жариялады. Бұл желілер арқылы жас буынның және түрлі этнос өкілдерінің байқауға деген қызығушылығы артты. 6.Танымал тұлғалардың қолдауы: Әлеуметтік желілерде танымал тұлғалар мен блогерлер байқау туралы ақпаратты бөлісіп, өз жазылушыларын байқауға қатысуға ынталандырды. Олар қазақ тілінің маңыздылығын атап өтіп, шығармашылық қабілеттерін көрсетуге шақырды. Бұл кешенді ақпараттандыру жұмыстары байқаудың танымалдығын арттыруға, өзге этнос өкілдері арасында қызығушылықты оятуға және мемлекеттік тілді насихаттау міндетін орындауға үлес қосты. Ақпараттық қамту, қаралым саны: 50 000 астам.

**2-іс-шара:** Мемлекеттік тілдің этнос аралық қатынас тілі ретіндегі рөлін күшейтуге бағытталған Қазақстандағы өзге этнос өкілдерінің 14-35 жас аралығындағы жастар арасында «Елім дегендер...» шығармашылық байқауының өткізілу барысы. **10-30 қыркүйек** аралығында республика көлемінде **200**-ден астам өтінімдер келіп түсіп, арнай мамандардың қарауымен **100** қатысушы финалға жолдама алды. Шарттар толық орындалған, тіркеуден сәтті өткен қатысушылардың арасынан жіберген материалдарына қарап іріктеуден өткендерге байқауға қатысуға арналған шақырту жіберілді. Финалдық сайыс қатысушыларының жол шығындары жіберуші тараптан қамтамасыз етіліп Астана қаласына келді. Ұйымдастырушылар тарапынан: жатын орын және таңғы, түскі ас және арнайы жиынтықпен қамтамасыз етілді.

Ақтық мәреде өзге этнос өкілдерінің 14 пен 35 жас аралығындағы азаматтары арасында өткен ақтық сайыста жастар өздерінің мемлекеттік тілді қаншалықты білетінін көрсетіп қана қоймай, қалың көрерменге өз өнерін паш етті. Жеңімпаздар республикалық кезеңде өзі таңдаған номинация бойынша «Ақындар мүшәйрасы», «Көркемсөз өнері» және «Эссе жазу» бақ сынасты.

Бәйгенің нәтижесінде: **«Ақындық мүшәйра»** номинациясында жеңімпаз атанған Камалова Рухшана Хасанқызы, II орын Атажиева Зухра Машрабқызы және Вострикова Венера Владимировна, III орын Турганов Нуршат Туглукжанович, Ким Артём Эдуарович және Гусырева Тамирис Александровна, ал **«Көркемсөз өнері»** бойынша бірінші орынды иеленген Евлоева Галина, II орын Нажиева Мафтуна және Ким Аяна, III орын Манасыпов Ислам, Ревкова Антонина және Подгорнова Екатерина. **«Эссе жазу»** номинациясында үздік шыққан Пачаханов Самандар, II орын Абдиев Санжар және Толаметов Илхамтан, III орын Караченцов Даниил, Дюсембаева Виктория және Вафина Лиля. Барлық жеңімпаздар дипломдармен және ақшалай сыйлықтармен марапатталды, жалпы жүлде қоры **3 000 000 теңгені** құрады. Айта кетейік, байқаудың мақсаты – мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту, ұлт аралық қатыса тілі ретінде рөлін күшейту және жастар арасында насихаттау.

**3- Міндет. Жобаның жүзеге асырылу деңгейін бағалау мақсатында атқарылған жұмыстарға талдау жасау**

**1-шара. Жобаның жүзеге асырылу деңгейін анықтау мақсатында қатысушылар мен тұрғындар арасында сауалнама жүргізу-**

Ағымдағы жылдың сәуір айынан басталған «Тіл тағдыры – ел тағдыры» жобасы аясында жыл бойында 14-35 жас аралығындағы жастарға арналған екі үлкен байқау өтіп республика деңгейінде өткен жобалардың қоғамға ықпалын және жастардың көзқарасын білу

мақсатын **1067** адамнан сауалнама алынды. Сауалнаманы тапсырған қатысушылардың басым бөлігі оң бағасын беріп өздерінің жылы тілектерін және алдағы уақытқа ұсыныстарымен бөліскен. Қанағаттану деңгейі -80% -кем емес

**2-шара. Жобаның жүзеге асырылуы бойынша талдамалық анықтама**

Мемлекеттік тілде өнер көрсететін КТК жастар командаларының (2022 жылы 832) саны 2023 жылмен (1173) салыстырғанда 30%-ға артып, 2024 жылы ағымдағы жылғы ойын көрсеткен 407 команданы қосқанда 1 580 командаға жетті. Бұл жоба мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейтіп, оның этносаралық қатынас тілі ретіндегі маңызын күшейтті.

**4-міндет. Шарт талаптарына сәйкес жобаның орындалу барысы туралы ақпараттық жұмыс**

**1-шара. 2024 жылы жүзеге асырылатын «Aqyl Battle Cup» республикалық көңілді тапқырлар командаларының (КТК) арасында зияткерлік сайысының және Мемлекеттік тілдің этносаралық қатынас тілі ретіндегі рөлін күшейтуге бағытталған Қазақстандағы өзге этнос өкілдерінің арасында «Елім дегендер...» атты шығармашылық байқауының өткізілу барысы жайындағы жалпы ақпараттық жұмыс.**

Жоба аясында әлеуметтік желілерде 120 жарияланым жүзеге асырылды, БАҚ-та 20-дан кем емес материал жарық көрді, ал блоггерлер мен танымал тұлғалардың әлеуметтік желілерінде 6 жарияланым жасалды. Сонымен қатар, 2 пресс-конференция ұйымдастырылып, жоба туралы ақпараттың кеңінен таралуы қамтамасыз етілді. Нәтижесінде, жалпы ақпараттық қамту мен қаралым саны кемінде 1 000 000-ға жетті, бұл жобаға үлкен қызығушылықтың болғанын және оның тиімділігін көрсетеді.

| | |
|---|---|
| **Жоба мақсаты:** | Мемлекеттік тілді кеңінен дәріптеу, тілге деген қызығушылықты ояту, логикалық ойлауды дамытатын білімді жастар үшін бос уақыттың өзекті форматын қалыптастыру мақсатында басқа ұлт өкілдері мен қазақ жастарының арасында қызықты интеллектуалдық, шығармашылық сайыстар өткізу және ел азаматтарының лингвистикалық капиталын арттыру. |
| **Жобаны іске асырудан қол жеткізілген нәтиже:** | «Тіл тағдыры – ел тағдыры» жобасының толықтырылған сипаттамасын қарастырсақ, оның аясында бірқатар ауқымды жұмыстар атқарылды. Жоба барысында қазақ тілінің этносаралық қатынас тілі ретіндегі рөлін арттыруға және ғылым, техника салаларында қолдану аясын кеңейтуге баса назар аударылды.<br>«Aqyl Battle CUP» зияткерлік сайысының бірінші кезеңінде мыңдаған астам қазақ тілді жастар мен өзге этнос өкілдерінің қатысуға қызығушылық білдіруі — жастар арасында қазақ тіліндегі заманауи зияткерлік ойындарға сұраныс бар екенінің көрсеткіші болды. Бұл сайыс командалық бәсекелестік арқылы ой-өрісті дамытып, мемлекеттік тілде шешендік пен ойлау қабілеттерін жетілдіруге септігін тигізді.<br>Сонымен қатар, жоба жастардың зияткерлік әлеуетін көтеру және мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту мақсатында түрлі шараларды қамтыды. «Елім дегендер» шығармашылық байқауы қазақ тілін қолдайтын және оны меңгеруге құштар жастардың жаңа буынын қалыптастыруда маңызды рөл атқарды. Байқау барысында 200-ден астам үміткердің қатысуға ниет білдіруі қазақ тіліндегі шығармашылықтың өсуіне және оның көпшіліктің арасында танымал болуына ықпал етті.<br><br>Бұл шаралар тек қатысушыларға ғана емес, қоғамға да қазақ тілінің қажеттілігін көрсетіп, оның ғылым мен техника тілі ретіндегі маңызын түсінуге мүмкіндік берді. Жоба аясындағы іс-шаралар арқылы қазақ тілді орта қалыптасып, жастардың арасында мемлекеттік тілге деген құрмет пен қызығушылық артты. |

| Міндеті | Міндет аясындағы шаралар | Өткізу күні | Өткізу орны | Қатысушылар саны | Қысқа мерзімде қол жеткізілген нәтижелер (іс-шараларға) | Сандық және сапалық көрсеткіштер | Индикаторы | | Ұзақ мерзімді келешектегі нәтижелері/әсері (міндеттерге) |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | жоспар | факт | |
| **«Тіл-тағдыры» атты қазақ тілін кеңінен дәріптеуге және жоба аясында өткізілетін іс-шаралар жайында ақпараттарды кеңінен таратуға арналған «сайт» жұмысын жалғастыру** | «Aqyl Battle Cup» зияткерлік сайысы жайлы толық ақпарат сайтта жариялау. | сәуір-қараша | - | - | - | «Aqyl Battle Cup» зияткерлік сайысы жайлы толық ақпарат сайтқа жүктелді және барлық қолданушылар үшін қолжетімді.<br><br>50 бейне материал және 950 фото материал | 2-ден кем емес жарияланым<br><br>50 видео<br><br>900 фото | 2<br><br>50 видео<br><br>900 фото | «Тіл тағдыры» сайтының «Галерея» бөлімінде «Aqyl Battle Cup» республикалық зияткерлік сайысы деп аталатын тетік орналасқан, оның екіге бөлінеді «фото» және «видео», яғни барлық сайт қолданушыларына түсінікті әрі жүкеп алуына ыңғайлы медиа метариалдар жүктелген. Жобаның бастапқы нақты жоспарына сәйкес зияткерлік сайыс аясында 50 аса видео материал және 950 аса бейне мариалдар жүктелген.<br><br>https://til-tagdyry.kz/galereya/aqyl-battle-cup/foto Қосымша 1 |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | «Елім дегендер...» шығармашыл жастар байқауы туралу жариялау, байқауды өткізу шеңберінде түсірілген, қолданылған барша фото-бейне материалдар сайттағы арнайы галереяға жүктеу. | сәуір-қараш а | - | - | - | «Елім дегендер...» шығармашыл жастар байқауы туралу толық ақпарат сайтқа жүктелді және барлық қолданушылар үшін қолжетімді.<br><br>50 бейне материал және 900 фото материал | 2-ден кем емес жариялаunion ным<br><br>50 видео<br><br>900 фото | 2<br><br>50 видео<br><br>900 фото | «Елім дегендер» шығармашылық байқауының аясындарғы барлық бейне материалдар сайт қолданышуларына және байқау қатысушыларына қолжетімді ету мақсатында «Тіл тағдыры» сайтының «Галерея» бөлімінде, «Елім дегендер» тетікшесінде орналастырылған. Жобаның бастапқы нақты жоспарына сәйкес байқау аясында 50 аса видео материал және 900 аса бейне мариалдар жүктелген.<br><br>til-tagdyry.kz/galereya/elim-degender/foto<br><br>Қосымша 2 |
| **Мемлекеттік тілдің қолдану аясын арттыруғ** | Сайысты көпшілік қауымға кеңінен таныстыру мақсатында Instagram | қаңтар-желтоқсан 2024 жыл | Instagram әлеуметтік желісінде | 100 команда | «Aqyl Battle Cup» зияткерлік сайысы аясында жобаның танымалдығын арттыру және | 1)Байқауға қатысатын командалар саны<br>2)Байқауға қатысқан видеоролик саны | 1)70-кем емес<br><br>2)70 – кем емес | 1)100<br><br>2)100 | «Тіл тағдыры – ел тағдыры» әлеуметтік жобасы аясында өткен «Aqyl Battle Cup» зияткерлік сайысының |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **а бағытталған «Aqyl Battle Cup» зияткерлік ойыны арқылы көңілді тапқырлар командаларын «КТК» санын арттыру** | әлеуметтік желісінде «Креативті команда» видеороликтер байқауын өткізу. | | | | жастар арасында дәріптеу мақсатында 405 қатысушының арасында құрамында 3 қатысушы болатындай етіп, 135 команда жасақталды және сол командалар арасында Instagram әлеуметтік желісінде «Креативті команда» сайысы өтті. Командалар өзін және қатысып жатқан өңірін таныстыратын бейне ролик дайындап, әлеуметтік желіге жариялады. Ең көп қаралым және лүпіл жинаған 3 команда жеңіске жетті. Олар, Абай облысы «Саржал» командасы – 1 | 3)Байқаудың кеңінен таныстыру мақсатын жіберілетін хаттар саны<br>4)Байқаудың бекітілген Ережесі<br>5)Байқау туралы әлеуметтік желілерде және БАҚ, Блогерлерде жарияланымдар саны<br>6)Жеңімпаздар жайында Хаттама<br>7)Жеңімпаз атанып, ақшалай сыйақы берілетін команда саны<br>8)Жеңімпаздардың жүлде қоры<br>9)Сыйлықты қабылдау-тапсыру актісі<br>10) Ақпараттық қамту, қаралым саны | 3)10 - кем емес<br>4)1<br>5)10 - кем емес<br>6)1<br>7)3<br>8)600 000 (алты жүз мың) теңге<br>9)1<br>10) 100 000 - кем емес | 3)11<br>4)1<br>5)12<br>6)1<br>7)3<br>8)600 000 (алты жүз мың) теңге<br>9)1<br>10) 100 000 - | танымалдылығын арттыру үшін Instagram әлеуметтік желісінде «Креативті команда» сайысы ұйымдастырылды. Бұл сайыста финалист командалар өз өңірін және топ мүшелерін таныстыратын креативті видеолар дайындап, оларды @aqylbattle_cup парақшасында жариялады. Жеңімпаздар ең көп қаралым мен лүпіл жинаған командалар арасынан анықталды.<br><br>Сайыс нәтижесінде:<br>- 1-орын: Абай облысынан «Саржал» командасы, 300 000 теңге сыйақы;<br>- 2-орын: Ұлытау облысынан «Ұлытау» командасы, 200 000 теңге сыйақы;<br>- 3-орын: Алматы қаласынан «Алаш» |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | орын, 300 000 теңге сыйақы, Ұлытау облысы «Ұлытау» командасы – 2 орын, 200 000 теңге сыйақы, Алматы қаласы «Алаш» командасы – 3 орын, 100 000 теңге сыйақымен марапатталды. Жалпы жүлде қоры 600 000 тг. Жобаны көпшілік қауымға, жастар арасында кеңінен таныстыру мақсатында Instagram әлеуметтік желісінде «Креативті команда» видеороликтер байқауын өтті.<br><br>Республикалық кезеңге жолдама алған 405 қатысушының арасында | | | кем емес | командасы, 100 000 теңге сыйақы.<br><br>Жалпы жүлде қоры 600 000 теңгені құрады. Бұл сайыс қатысушылардың қызығушылығын арттырып қана қоймай, олардың зияткерлік жарысқа деген ынтасын одан әрі күшейтті.<br><br>Сайыстың ерекше тұсы — көптеген қатысушылар алғаш рет бірге жұмыс істеп, бір-бірімен танысып, команда ретінде үйлесімділік тапты. Сонымен қатар, «Креативті команда» сайысы арқылы @aqylbattle_cup парақшасы 300 мыңнан астам қаралым жинап, жобаның әлеуметтік желідегі танымалдығының артуына ықпал етті. Осылайша, сайыс мақсатқа жетіп, |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | құрамында 3 қатысушы болатындай етіп, 135 команда жасақталды және сол командалар арасында Instagram әлеуметтік желісінде өтті.<br><br>Байқауда 100 команда бақсынасып жеңімпаздар финалда марапатталды | | | | жастардың қызығушылығын арттыратын тағы бір қадам болды.<br><br>https://www.instagram.com/aqylbattle_cup/<br><br>https://www.tiktok.com/@aqylbattle_cup?_t=8r6wz1c3m7i&_r=1<br><br>Қосымша 4 |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | «Aqyl Battle Cup» 14-35 жас аралығындағы жастарға арналған республикалық көңілді тапқырлар командаларының (КТК) арасында зияткерлік сайысының 1 кезеңдерін өткізу | 21-23 мамыр 2024 жыл | Aqyl Battle мобильді қосымшасында | I кезеңе: қатысушы 1221 | 21-23 мамыр - «Aqyl Battle Cup» 14-35 жас аралығындағы жастарға арналған республикалық көңілді тапқырлар командаларының (КТК) арасында зияткерлік сайысының I-кезеңі онлайн өтті.<br><br>Зияткерлік сайыстың бұл кезеңі Aqyl Battle мобильді қосымшасында 3 күнде өтті. Аймақтық іріктеу турниріне еліміздің барлық өңірінен 14-35 жас аралығындағы 407 команда, 1221 жас қатысты. | 1)Турнирға қамтитын облыс саны<br><br>2)Сайтта тіркеуден өткен команда саны<br><br>3)Турнирға қатысатын жастар саны<br><br>4)Байқаудың бекітілген Ережесі<br><br>5)Сайыс туралы әлеуметтік желілерде, БАҚ, блогерлерде жарияланымдар саны | 1)17 облыс, 3 республикалық маңызы бар қала<br><br>2)350-ден кем емес (әр өңірден кемінде 10)<br><br>3)1050-кем емес<br><br>4)1<br><br>5)15-кем емес | 1)17 облыс, 3 республикалық маңызы бар қала<br>2)407<br><br>3)1221<br><br>4)1 (кел)<br><br>5) 47 | Aqyl Battle мобильді қосымшасының құрастырушысы Айболат Құлатай жобадағы зияткерлік сайыстың амбассадоры ретінде өзі басшылық ететін IT Thousand компаниясы біздің басты серіктесіміз болып табылады. Сондықтан 14-35 жас аралығындағы жастарға арналған «Aqyl Battle Cup» республикалық зияткерлік сайысының I кезеңі Aqyl Battle мобильді қосымшасында өтті.<br><br>Aqyl Battle мобильді қосымшасы қазақ тілді жастардың арасында кеңінен танымал, мектеп бағдарламасын оңай игеруге, ойлау өрісін кеңейту мен қазақтың салт дәстүрін, әдебиеті және тарихын тануды, әр түрлі |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | Аймақтың іріктедің өзі III этаптан тұрда, олар – деңгейлік жалпы 90 сұрақтан құралды. Яғни әр деңгейде 30 сұрақтан, 90 сұраққа жауап берді. 17 облыс пен 3 республикалық қала бойынша ең жоғары ұпай жинаған 10 командадан (республика бойынша 420 қатысушы) Облыстың іріктеу (II кезеңге) жолдама алды.<br><br>Зияткерлік сайыстың танымалдығын арттыру үшін әлеуметтік желілерде, БАҚ, блогерлерде 43 жарияланым шығарылды. Ол | 6)Ақпараттық қамту, қаралым саны<br>7)Жоба амбассадоры (резюмесімен)<br><br>8)1-кезеңнің қорытынды хаттамасы | 6)200 000 - кем емес<br>7)1<br><br>8)1 | 6)243 596<br>7)1<br><br>8)1 | салаларда базалық білімді қалыптастыруға, ең бастысы жастардың бос уақытын пайдалы өткізуге бағытталған мобильді ойын қосымша ретінде пайдалануда.<br>Ойындағы сұрақтар: технологиялық прогресс, өнер және мәдениет, жазу сауаттылығы, география, спорт, әлем тарихы, химия, ми жаттығу, медицина, кино және сериалдар, ән мен би, астаналар, ағылшын тілі, қаржылық сауаттылық, мақал-мәтел, салт дәстүр, биохимия, физмат, тәуелсіз Қазақстан, танымал тұлғалар, тулар, мемлекеттер, валюталар сынды 25 тен астам категория бойынша, 12 мыңнан |

| | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | 226 000 қаралым жинады.<br><br>Бірінші кезеңнің өзінде жоба жастар арасында өте үлкен қызығушылыққа ие болды. Әр облыстан ТОП-10 командаға ілікпей қалған командалар тағы қатысуға ниетті екен<br>Жеткізді | | | | | астам сұрақтан тұрады.<br>Осы уақытқа дейін ойынды 600.000 мыңнан астам адам қолданып, 25.000.000 ойын өткізген. Қосымшаны күніне 112.000 мың қолданушы қолданады.<br><br>Республикалық зияткерлік сайыстың аймақтық іріктеу турниріне еліміздің барлық өңірінен 14-35 жас аралығындағы 407 команда, 1227 жас қатысты.<br><br>Аймақтың іріктедің өзі III этаптан тұрда, олар – деңгейлік жалпы 90 сұрақтан құралды. Яғни әр деңгейде 30 сұрақтан, 90 сұраққа жауап берді. 17 облыс пен 3 республикалық қала |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | | бойынша ең жоғары ұпай жинаған 10 командадан (республика бойынша 420 қатысушы) Облыстың іріктеу (II кезеңге) жолдама алды.<br><br>Зияткерлік сайыстың танымалдығын арттыру үшін әлеуметтік желілерде, БАҚ, блогерлерде 43 жарияланым шығарылды. Ол 226 000 қаралым жинады.<br><br>Бірінші кезеңнің өзінде жоба жастар арасында өте үлкен қызығушылыққа ие болды. Әр облыстан ТОП-10 командаға ілікпей қалған командалар тағы қатысуға ниетті екен Жеткізді<br><br>Қосымша 4 |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | «Aqyl Battle Cup» 14-35 жас аралығындағы жастарға арналған республикалық көңілді тапқырлар командаларының (КТК) арасында зияткерлік сайысының 2 кезеңдерін өткізу.<br><br>Өңірлерде өткізілетін офлайн сайыстар | 7 – 22 маусым 2024 жыл | Зияткерлік сайыстың II кезеңі төтенше жағдайлар (су тасқыны) орын алған 10 аймақта онлайн форматында, ал қалған 10 аймақта офлайн куиз форматында өтті. | II кезеңе: қатысушы 407 | 7 – 22 маусым аралығында «Aqyl Battle Cup» республикалық зияткерлік сайысының II кезеңі өтті.<br><br>Зияткерлік сайыстың II кезеңі төтенше жағдайлар (су тасқыны) орын алған 10 аймақта онлайн форматында, ал қалған 10 аймақта офлайн куиз форматында өтті.<br><br>Зияткерлік сайыс тарихи Түркістан облысынан бастау алып, Қызылорда, Жамбыл, Жетісу, Абай, Маңғыстау, Алматы облысытары және Алматы, | 1)Офлайн сайыс қамтитын облыс саны<br>2)Сайысқа қатысушы жастар саны<br>3)Сайысқа қатысушы командалар саны<br><br>4)Сайыстың екінші кезеңі жайында әлеуметтік желілерде, БАҚ, блогерлерде жарияланымдар саны:<br>5)Ақпараттық қамту қаралым саны:<br>6)Фото материалдар саны<br>7)Видео материалдар саны<br>8)2-кезеңнің хаттамасы | 1)10 - кем емес<br><br>2)300- кем емес<br><br>3)100- кем емес<br><br>4)20 - нан кем емес<br><br>5) 200 000 -кем емес<br>6)400- кем емес<br>7)20- кем емес<br>8)1 | 1)10<br><br>2)409<br><br>3)135<br><br>4)23<br><br>5)207 434<br><br>6)400<br><br>7)21<br><br>8)1 | 7 – 22 маусым аралығында «Aqyl Battle Cup» республикалық зияткерлік сайысының II кезеңі өтті.<br><br>Зияткерлік сайыстың II кезеңі төтенше жағдайлар (су тасқыны) орын алған 10 аймақта онлайн форматында, ал қалған 10 аймақта офлайн куиз форматында өтті.<br><br>Зияткерлік сайыс тарихи Түркістан облысынан бастау алып, Қызылорда, Жамбыл, Жетісу, Абай, Маңғыстау, Алматы облысытары және Алматы, Шымкент, Астана қалаларында II кезең қатысушылар арасында квиз форматында өте тартысты өтті.<br><br>Әр аймақтық ерекшелігіне қарай 6 |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | Шымкент, Астана қалаларында II кезең қатысушылар арасында квиз форматында өте тартысты өтті.<br><br>Әр аймақтық ерекшелігіне қарай 6 кезеңнен тұратын сұрақтар базасы құрастырылды.<br><br>Сұрақтар тарих, әдебиет, философия, куртурология, политология, спорт және гоеграфия салаларын қамтыды.<br><br>Қатысушыларға ыңғайлы болуы үшін ТЖ орын алған 10 аймақ – СҚО, Павлодар, Қостанай, Ақмола, Ақтөбе, Атырау, БҚО, Қарағанды, | | | | кезеңнен тұратын сұрақтар базасы құрастырылды.<br><br>Сұрақтар тарих, әдебиет, философия, куртурология, политология, спорт және гоеграфия салаларын қамтыды.<br><br>Қатысушыларға ыңғайлы болуы үшін ТЖ орын алған 10 аймақ – СҚО, Павлодар, Қостанай, Ақмола, Актөбе, Атырау, БҚО, Қарағанды, Ұлытау және ШҚО-да Google meet платформасында онлайн турнирлер өтті.<br><br>Командалық есепте ең жоғары ұпай жинаған командалар Гранд финалға жолдама алды.<br><br>Ақтық сайыста республика бойынша 20 команда өз |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | Ұлытау және ШҚО-да Google meet платформасында онлайн турнирлер өтті.<br><br>Командалық есепте ең жоғары ұпай жинаған командалар Гранд финалға жолдама алды.<br><br>Ақтық сайыста республика бойынша 20 команда өз өңірінің намысын қорғайтын болады. | | | | өңірінің намысын қорғайтын болады.<br><br>Қосымша 5 |
| | «Aqyl Battle Cup» 14-35 жас аралығындағы жастарға арналған республикалық көңілді тапқырлар командаларының (КТК) арасында зияткерлік | 27 қыркүйекте 2024 жыл | Астана қаласы, Wyndham Garden Astana қонақ үйі | 63 | 27 қыркүйекте Wyndham Garden Astana қонақ үйінде еліміздің ең ауқымды интеллектуалды жарыстарының бірі – «Aqyl Battle CUP» республикалық зияткерлік сайысының | 1)Сайысқа қатысушы жастар саны<br>2)Сайысқа қатысушы командалар саны<br>3)Сайыстың финалдық кезеңі жайында әлеуметтік желілерде, БАҚ, блогерлерде | 1)60 - кем емес<br><br>2)20 - кем емес<br><br>3)20- кем емес | 1)63<br><br>2)21<br><br>3)63 | «Aqyl Battle CUP» республикалық зияткерлік сайысының Гранд финалы Қазақстанның түкпір-түкпірінен келген 21 үздік команданың білім мен біліктілік жарысымен ерекшеленді. |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | сайысының 3-кезеңін өткізу. Финалдық **офлайн** кезеңін өткізу. | | | | Гранд финалы өтті. Іс-шара ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің қолдауымен ұйымдастырылып, жоғары деңгейде жүзеге асырылды. Қазақстанның 20 аймағы мен республикалық маңызы бар қалаларынан іріктелген 21 команда өз білімдерін сынап, еліміздің ең үздік интеллектуалдары атағы үшін жарысқа түсті. Биылғы сайыстың ерекшелігі – оған Өзбекстан Республикасының «Zakovat» зияткерлік ұйымынан «Зиялы жастар» командасы қатысып, | жарияланымдар саны<br>4)Ақпараттық қамту, қаралым саны:<br>5)Арнайы жиынтықпен (көкірекше «орысша-жилетка», жеңсіз көйлек «орысша-футболка», қойындәптер, қалам) қамтамасыз етілген адам саны<br>6)Финалдық ойының жеңімпаз командаларына таратылған сыйақы мөлшері<br>7)Фото материалдар саны<br>8)Видео материалдар саны<br>9)Сыйлықты қабылдау-тапсыру актісі<br>10)Финалдық сайысты | 4)300 000- кем емес<br>5)60 - кем емес<br>6)3 000 000 (үш миллион) тенге<br>7)500- кем емес<br>8)10- кем емес<br>9)1 | 4)300 000<br>5) 60<br>6)3 000 000 (үш миллион) тенге<br>7)500<br>8)10<br>9)1 | Биылғы сайыстың маңызды жаңалығы – сайысқа Өзбекстан Республикасындағы «Zakovat» зияткерлік ұйымының «Зиялы жастар» командасының қосылуы, осылайша шара халықаралық деңгейге көтерілді.<br><br>Финалдық сайыста командалар өздерінің білімдері мен логикалық ойлау қабілеттерін жоғары деңгейде көрсетіп, сайыс форматына лайықты дайындықпен келгендерін дәлелдеді. Жарыс кезеңдері күрделі де қызықты болды, бұл қатысушыларға аналитикалық, логикалық және стратегиялық қабілеттерін толық көрсетуге мүмкіндік берді.<br><br>Жеңімпаздарды ҚР Мәжілісі депутаты |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | халықаралық деңгейде өтті. Финал кезінде командалар білімдері мен логикалық ойлау қабілеттерін көрсетіп, сайыс форматының ерекшеліктерін жоғары деңгейде меңгергендерін дәлелдеді. Сайыс кезеңдері күрделі әрі қызықты болды, қатысушыларға өздерінің аналитикалық, логикалық және стратегиялық ойлау қабілеттерін толық көрсетуге мүмкіндік берді. Нәтижесінде, жеңімпаздар анықталып, ҚР Мәжілісі депутаты Дәулет Мұқаев үздіктерді марапаттады. Үздік деп танылған | YouTube, Instagram әлеуметтік желісінде тікелей эфирде трансляциялау<br>11)Сайтқа жүктелген бейнежазба<br><br>12)Финалдық кезеңнің хаттамасы<br>13)Әділ-қазылар мүшелері тізімі (ақпаратпен) | 10)1<br><br>11)1<br><br>12)1<br><br>13)1 | 10) 1<br><br>11)1<br><br>12)1<br><br>13)1 | Дәулет Мұқаев марапаттады:<br>- Бас жүлде: Шығыс Қазақстан облысының «Ертіс» командасы, Қазақстанның ең үздік интеллектуалдары атағы және ақшалай сыйлық;<br>-1-орын: Қызылорда облысының «Mill on air» командасы;<br>- 2-орын: Ақмола облысының «Тұран» командасы;<br>- 3-орын: Атырау облысының «Жайық» командасы.<br><br>Бас жүлдені иеленген «Ертіс» командасы үшін бұл жеңіс — білім мен логиканы біріктіріп қол жеткізген маңызды жетістік ретінде бағаланды.<br><br>«Aqyl Battle CUP»-тің басты мақсаты – жастардың білімге деген құштарлығын арттыру және |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | командалар: Бас жүлде «Ертіс» командасы, Шығыс Қазақстан облысы, 1-орын «»Mill on air», Қызылорда облысы, 2-орын «Тұран» командасы, Ақмола облысы, 3-орын «Жайық» командасы, Атырау облысы ақшалай сыйлықтармен марапатталды, ал Бас жүлдені иеленген Шығыс Қазақстан облысы «Ертіс» командасы Қазақстанның ең үздік интеллектуалдары атағына ие болды. Бұл жеңіс оларға білім мен логикалық қабілеттері арқылы қол жеткізген үлкен | | | | интеллектуалдық дамуды насихаттау. Жоба шығармашылық пен зияткерлік қабілеттерді дамытып, жастарды білімділікке баулуға бағытталған. Осылайша, елімізде интеллектуалды мәдениетті қалыптастыруға үлес қосылды.<br><br>Ұйымдастырушылар мен қатысушылар сайыстың жоғары деңгейде өткенін атап өтіп, мұндай жобалардың болашақта да жалғасын табатынына сенім білдірді. «Aqyl Battle CUP» жастардың білімге, шығармашылыққа және интеллектуалдық дамуға деген ынтасын арттыруға бағытталған маңызды алаң ретінде танылды. |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | жетістік ретінде бағаланды. «Aqyl Battle CUP» зияткерлік сайысының басты мақсаты – Қазақстан жастарының білімге деген қызығушылығын арттырып, интеллектуалды дамуды насихаттау. Сонымен қатар, жоба шығармашылық және зияткерлік қабілеттерді дамытуға, жастарды білімділікке баулуға бағытталған. Осы арқылы еліміздегі интеллектуалдық мәдениетті қалыптастыруға үлес қосылды. Іс-шараның ұйымдастырушылары мен қатысушылары сайыстың | | | | Қосымша 6 |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
